



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



№8 (1395)
18 наурыз
2011 жыл

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Ғалымқайыр МҰТАНОВ,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың ректоры

Ұлыстың ұлы күні мерейіміз арта берсін!

Құрметті әріптестер мен студенттер!

Көктемнің алғашқы наурыз айында қазақ халқының ұлылығын дәріптей түсетін Ұлыстың ұлы күні – әз-Наурыз мейрамы тойланып, Жаңа жылымыз басталады. Бұл мезгіл – күн мен түннің теңеліп, табиғаттың қайта жаңғыратын ерекше сәті.

Биыл, еліміздің тәуелсіздігіне 20 жыл толып отырған жылы Елбасы өз Жолдауында әлеуметтік жаңғыру мәселесін қойды. Бұл жаңғыру басымдығының жаңару күнінде жоғарғы маңызға ие екендігі анық.

Наурыз мейрамының тағы бір өзгешелігі – оның ел ынтымағын арттыруда алатын орны зор. Араздасқан ағайынның бір-бірімен табысып, ағартыққа кешіріммен қарап, түсінісіп, өзара ырыс-берекемен мерейлерін өсіретін хлық мереке.

Халықаралық мейрам қасиетті қара шаңырақта қалға алынған ұжымдық рух мәдениетінің дамуына өз үлесін қосып, бірлігіміздің нығая беруіне тілектестің. Ұжымдық мәдениет рухы биік және берік ұжымның алмайтын қамалы, шықпайтын шыңы жоқ. Сондықтан, "Ақ мол болсын, ұлыс оң болсын!" деп тілек білдіретін достық пен ынтымақ мерекесі кешбасшылық мерейімізді асқақтата түссін.

Ұлыстың ұлы күні бір-бірімізге деген сенім артып, еліміздің іргетасы нығая берсін деген лебіз айтамын. Жаңа жыл барлығымыз үшін табысты да берекелі болғай!



НАУРЫЗ – ЖАҢАРУ ИДЕЯСЫ

Наурыз ежелгі уақыт замандарынан жалғасқан халықтық мейрам. Наурыздың 21-нен 22-не қараған түнінде аспан денелері өздерінің ең бастапқы нүктелеріне қайта оралып келіп, Түн мен Күн теңелетін, Қыс пен Жаз тепе-теңдікке келген сәттен бастап, Ұлыстың ұлы тойы тойланады. Бұл күн астрономиялық күштердің теңдесіп, Күннің шапағаты мөлейіп, табиғат пен әлеуметтік қоғам арасындағы үйлесімді қарым-қатынас орнайтын сәт.



Қазақ халқының ата-бабалардан сақталып келе жатқан этикалық заңдарына сәйкес, қазақтың мақал-мәтелдерінің ішінде қариялар «Атаңнан мал қалғанша тал қалсын» деп, бұлақ, су басына тал, жасыл-желектер егіп, аналар жаңа атқан күнге арнап, «Армысың, Қайырымды Күн-Ана, құт дарыт, жарылқа!» деп өсімдіктерге, ағаштарға айран-сүт бүркеді. Бұлақ көздеріне ырымдап май себелейді екен. Осылайша, табиғаттың өсіп-өнуіне жағдай жасалады. Ата-аналардан дәріптелетін ұғым «Бұлақ көрсен көзін аш» сөзінің этнологиялық семантикасына қатысты

қаумаласқан жас-жігіттер бастаулардың көзін ашып, экологиялық тепе-теңдікке күштерін салады.

Наурыз мейрамының қасиеті – жанару идеясында жатыр. Осы уақытта қазақ елін билеген көсемдер «Жақсылыққа жақсылық жай адамның ісі, жамандыққа жақсылық ер адамның ісі», «Тас атқанға, ас ат» деген ұғыммен ту көтеріп, араға түскен кикілжің жіктерді кешіріп, ежелгі бауырлас ел руларын дастархан басында табыстырып, қоғамдық қарым-қатынастарды дипломатиялық ептілікпен шешіп, коммуникативті істер атқарған. Тепе-

теңдік барысында игілік, жанару идеялары дәстүрлі қазақ қоғамдарында орын тапқан. Сондай-ақ, осындай жаңғыру сәтінде табиғи ортаға ағаш отырғызылып, гүл егіліп, су көздері тазаланып, экологиялық мәселелердің де өз шешімін табуына мүмкіндік берілген.

Этнографиялық деректер бойынша, қазақтар Наурызды жыл басы санайды. Бұл күні даланы Қызыр аралайды деген түсінік бар. Сол себепті осы түн – «Қызыр түні» деп аталған.

(Жалғасы 3-бетте)

21 НАУРЫЗ – ҒАШЫҚТАР КҮНІ

БАСТАМА

"Селтпейкізер" және "Ұйқынамар" махаббаттың тұңғыш сыйы

Әр халықтың өзінің тәл әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі болады. Көзі ашық, көкірегі ояу кез келген жан бұл құндылықтарды әспеттеп, ұлықтап өтеді. Осы орайда, ұлттық құндылықтарымыздың мерейін арттыру үшін өз жанымызға жақын, әлі де ұлықталмай жатқан тарих қойнауындағы асыл әдет-ғұрыптарымызды кеңінен насихаттау керек-ақ. Сол өз бағасын ала алмай жүрген ерекше мерекелеріміздің бірі 21 наурыз – Ғашықтар күні.



(Жалғасы 3-бетте)

«Қазақ университеті» газетінің «декандар наурыз көжесі»

Биылдан бастап жыл басы Наурыз мейрамы шығыс әлемінде ғана емес, 200-ге тарта ел ұйысқан Біріккен ұлттар ұйымы шеңберінде тойланатын болды. БҰҰ «халықаралық Наурыз мерекесі» қарарын бірауыздан қабылдап, 21 наурыз күнін әлемдік мереке ретінде белгілеп, оның бір ұлттың немесе мәдениеттің мерекесі ретінде ғана емес, бүкіл адамзат мұрасының құрамдас бір бөлігі екенін бүкіл әлем алдында айшықтап берді.

Ұлыстың ұлы күнін атап өтуде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің маңыздылығы зор басымдыққа ие. Ол жыл сайын жағымды жаңалығымен Алматы тұрғындарының мерейін асырып келеді. Биылғы Наурыз мерекесінде ҚазҰУ-дың ректоры Ғалымқайыр Мұтанов өз ұжымы үшін ерекше сыйлық жасады. Ректор осы аптада университеттің барлық штаттық қызметкерлеріне айлық қызметтік жалақы көлемінде «Сыйақы беру туралы» бұйрыққа қол қойды. Бұл ҚазҰУ-дың Ұлыстың ұлы күнін ұлықтауда және мәртебесін арттыруда талайларға үлгі болатын өнегесі екендігі анық.

(Жалғасы 4-бетте)

ҚазҰУ-да ұжымдық мәдениет артып келеді

РЕКТОРАТ
14 күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ректорат мәжілісінде ҚазҰУ оқытушысы мен қызметкері ұжымдық мәдениетінің кодексі, Болон үдерісі бойынша студенттік бюро ұсыныстары мен Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына орай 20 инновация туралы тақырыптар қаралды.

Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаева өз баяндамасын «ҚазҰУ оқытушысы мен қызметкерінің ұжымдық мәдениетінің кодексіне» арнады. Жасалған жұмыстар мен кафедраларда талқыланған нәтижелі жетістіктерге тоқталып, дегенмен әлі де бір қарауды талап ететін тұстарын атап айтты. Құжаттың аталуы жөнінде, құжатта кездесетін артық тұстарын қысқартуды, негізгі түсініктемелер мен мазмұнына әлі де толықтырулар мен өзгертулер енгізу керектігіне тоқталып, ҚазҰУ студентінің ар-намыс кодексінің жобасын ұсынды.

Осы жолғы Ректорат мәжілісіне қатысқан студенттер өз ойларын



ортаға салды. Болондық үдеріс бойынша Студенттік бюро студенттік өзін-өзі басқару жұмыстарымен бюро жетекшісі Қайыржан Мендіғалиев таныстырды. Бюро мүшелері ректорат мәжілісіне толық қатысып, әрқайсысы 2011 жылға алдағы мақсат-міндеттерімен бөлісті. Студенттік бұл жоба ҚазҰУ-да 2009 жылдан бері өз жұмысын атқарып келеді. Әрқайсысының

белгіленген қызметі де нақтыланған. Мысалы, Ординатор институтында бірінші курс студенттеріне жоғары курс студенттері тарапынан көмек көрсетілсе, «I am student» бөлімі шетелдік студенттердің ҚазҰУ-ға бейімделуіне арналған қоғамдастығы болып табылады. Сондай-ақ, бұл ұйым «Антишпо-ра» жобасын ұсынды. ҚазҰУ студенттері оқу барысында белсенділік танытып, алдағы уақытта да оқытушылармен бірлесе жұмыс атқаруға дайын екендерін айтты.

Сондай-ақ, күн тәртібінде өзге мәселелер назарға алынды. Мәселен, Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына орай 20 инновация атты тақырыпта ғылыми жұмыс жөніндегі проректор Тілекқабил Рамазанов сөз алды. Өз сөзінде «2011 жылдың 25 ақпандағы жиналыста ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанұлы «Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына – 20 инновация» ұсынысын айтқан еді. Осы орайда күні бүгінге дейін 111 жоба тіркелді. Оның ішінде, гуманитарлы сала бойынша – 37, жаратылыстану ғылымдары бойынша – 74. Мамыр айында бірінші жоба іске асса, ал барлығы осы жылдың 20 желтоқсаны Тәуелсіздік күніне орай өз нәтижесін бермек деп атап өтті.

Еділік АҚЖІГТ

БАҚОСЫ
15 наурызда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Куратор-эдвайзер кеңесі мен Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту департаментінің ұйымдастыруымен семинар-тренинг өтті. Бекмаханов дәрісханасында өткен семинар-тренингке университет факультеттеріндегі куратор-эдвайзерлер қатысты.

Куратор-эдвайзер жұмысын жандандырған семинар-тренинг

Семинар-тренинг модераторы Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту департаментінің директоры Г.Ә.Сәрсенбекова кіріспе сөзінде 2010 жылдың желтоқсан айынан бері қарқынды жұмыс бастаған куратор-эдвайзерлер жұмыстарындағы жетістіктерге тоқталғаннан кейін әлі де жетілдіріп жандандыруға тиіс тұстарды атап өтті.

Сондай-ақ, қарашанырақтың ұлттық ғылыми университетке айналу жолында ректор Ғ.М.Мұтанов айқындаған: инновациялық білім беру, инновациялық инфраструктура, заманауи ұжымдық мәдениет, бәсекелестік орта және заманауи басқару жүйесі сияқты бес жағдай да семинар барысында талқыланып, Студенттік өзін-өзі басқару жүйесінің кемелдендіру де өзекті мәселелердің бірі ретінде айқындалды.

Бүгінде университетте куратор-эдвайзерлер жұмысын сапалы ұйымдастыруда әдістемелік көмекші құрал-нұсқаулармен қамтамасыз етілу жағы да жолға қойылып келеді. Олардың қатарында бүгінгі күнге дейін екі тілде жарық көріп, электрондық нұсқасы департамент сайтындағы «куратор-эдвайзер мектебіне» енгізілген: «Куратор-эдвайзерге арналған әдістемелік құрал», «Кураторлық сағат өткізу технологиясы», «Тәрбие үдерісіндегі куратор-эдвайзердің рөлі мен қызметі», «Куратор-эдвайзер журналы» т.б. жинақтарды атауға болады. Жаңа оқу жылынан бастап журналдың электрондық нұсқасымен қатар «Куратор-эдвайзер хабаршысы» жарық көруін қамтамасыз етуде жұмыстар ұйымдастырылуда.

Семинар педагогика кафедрасындағы оқытушылар Ұ.Б.Төлешова мен Н.С.Әл-қожаева жүргізген «Топ белсенділерін тандау әдістері», т.б. тақырыптағы іскерлік және психологиялық-педагогикалық бағыттағы танымдық ойындармен жалғасты.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

Корпоративтік рух іргетасы студенттік кезден қаланады

БАСТАМА
Үстіміздегі жылдың 8 наурыз күні философия және саясаттану факультетінің №9 жатақханасында жалпы психология және этникалық психология кафедрасының ашық күндері өтті. Кафедра ұжымының студенттермен кездесуі барысында «Университеттік корпоративтік рух қалыптастыру жолдары» атты тақырыпта дөңгелек үстел өтті. Корпоративтік рух мәселесін университеттік деңгейде алғаш рет арнайы көтерген факультет деканы профессор Құлсариева Ақтолқын еді. Бұл кездесуге студенттер үлкен қызығушылық танытты.

Кез келген ұйым-мекеменің өз тарихы, дәстүрі мен ережелері және мифологиясы болатынын ескерген дөңгелек үстелде алғашқы сөзді кафедра ардагері, факультеттегі ақсақалдар алқасының мүшесі профессор Қ.Б.Жарықбаев алды. Ардагер ұстаз өзінің студенттік шақтағы естеліктерін ортаға салды. Әсіресе, соғыстан кейінгі талғажау еткен қара нан жайлы әңгімесі өте әсерлі шықты. Сол замандардағы студенттердің білімге деген ұмтылысы мен құштарлығы бүгінгі жаңа буын үшін де үлкен үлгі-өнеге болатындай мәні бар екендігін айтты. Одан кейін сөз алған кафедра меңгерушісі, профессор С.М.Жақыпов корпоративтік рухты қалыптастырудың нақты жолдарына тоқталды. Психолог-ғалым оның үш психологиялық механизмін бөліп көрсетті.

Біріншісі, танымдық іс-әрекет барысында, яғни студенттерді оқыту үдерісінде орын алады. Нақ сабақ үстінде жанадан келген студенттер тобына университеттің мүшесі болып табылатын профессорлық-оқытушылық құрамы корпоративтік рухты жеткізуі тиіс. Алайда кез келген оқытушы оны жеткізе алмайды екен. Ол үшін педагог сол корпоративтік рухтың иегері болуы қажет. Психологияда «тұлғалар трансляциясы» деген ұғым бар. Оқыту процесін талдаудың макродеңгейінде (С.М.Жақыпов) байқалатын осы тұлға – тұлға өзара әрекеттестігі құрғақ кітаби білімді емес, неғұрлым әсерлі келетін «жанды білімді» бере алады. Белгілі бір кәсіби қауымның заң, жарғы түрінде жазылған ережелерімен қатар жазылмаған ішкі корпоративтік мәдениеті болады. Оны тек тікелей қарым-қатынас барысында ғана меңгереміз.

Екінші жол – студенттерді тәрбиелеу барысында халыққа танымал, атақты әрі беделді адамдардың өмірбаяндарын үлгі-өнеге ретінде қолдану. Жай адам айтқан тіпті дұрыс сөздердің өзі студенттерге әсер етпеуі мүмкін. Ал атақты адамның аузынан шыққан сөздің қонымдылық қуаты жоғары келеді. Қазақ халқында «дуалы ауыз» деген түсінік бар. Аталы сөзді айта алатын тұлғалардың тәлім-тәрбиелік мәні зор. Үлгі ретінде қабылданған адамдардың өмірі жайлы білімдер студенттердің жеке тұлғалық қасиеттеріне айналуы бек мүмкін.

Үшінші жол – корпоративтік рухты ұлттық рухтың құрамдас бір бөлігі ретінде қалыптастыру. Жергілікті халықтың салт-дәстүрлерін, ерекшеліктерін ескермей оны қалыптастыру өте қиын екені тарихтан белгілі. Бүгінгі таңда мәдени біліктілік, құзыреттілік мәселесі маман дайындауда маңызды болуда. Кросс-мәдени психологияны білу адамның аман қалу қаруы іспеттес болып отыр. Кафедра меңгерушісінің Африкада салт-дәстүрді білмегендердің қалай қаза тапқаны жайлы мысалы студенттерге айтарлықтай әсер етті.

Дөңгелек үстел барысында студенттер тарапынан бірқатар құнды пікірлер, ұсыныстар айтылды. Мәселен, 1-курс студенттері Сона Алиева (әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығы) мен Меруерт Құсайынова (психология мамандығы) осындай жиындардың жиі болып тұрғанын қалайттындарын, оның жаңа буын студенттері үшін аса маңызды екендігіне тоқталды. Өмір көрген адамдардың тәжірибесін жастар осылай жинақтап бойымызға сіңіреміз делді. Саясаттану мамандығының 3-курс студенті Айнұр Қуанышқалиева мұндай басқосуда пәнаралық байланыстардың нығая түсетініне назар аударғанын. Оның айтуынша, әр түрлі мамандықтар иелерінің өзара пікір алмасуы корпоративтік рухты қалыптастырудың алғашқы қадамы болмақ. Егер әрбір мамандық иелері бірлесе отыра ортақ бір кітап шығаратын болса корпоративтік рух қалыптасуы сөзсіз орын алады. Бәріне ортақ боп келетін іс-әрекет, мақсат болғаны жөн. Психология бөлімінің студенті Жадыра Байғараеваның пікірінше, корпоративтік рух қалыптасуы үшін белгілі бір ұжымдық кодекс болуы тиіс. Мәселен, студенттер өздері тұратын жатақханаға өз үйіндей қарауы керек. Тазалық сақтаудың өзі корпоративтік мәдениеттің бір көрінісі. Ұжымдық кодексті жасауда студенттердің жеке басы келісімін ескеру де маңызды. Сонда жалпы ережелерге қатысты олардың жауапкершіліктерін арттыруға болады.

Жарас СЕЙІТНҮР,
психология ғылымдарының кандидаты,
философия және саясаттану факультеті
жалпы және этникалық психология
кафедрасының оқытушысы

ПРОЕКТ
В преддверии 20-летия независимости страны в Казахском национальном университете имени аль-Фараби дан старт реализации 20 лучших инновационных проектов ученых и преподавателей университета «20-летию Независимости Казахстана – 20 инноваций»!!!

«20-летию Независимости Казахстана – 20 инноваций»

Данная инициатива КазНУ им. аль-Фараби как признанного центра развития науки, образования и инноваций направлена на реализацию важнейшей задачи - успешной трансформации в исследовательский университет мирового уровня, поставленной в Послании Главы государства.

Главная цель реализуемых проектов - конвертация результатов научно-исследовательских и опытно-конструкторских разработок (НИОКР) в наукоемкие технологии и далее в производство, что станет существенным вкладом в индустриально-инновационное и социально-экономическое развитие страны.

Тесная интеграция науки и образования в рамках исследовательского вуза позволит готовить высококвалифицированные кадры, будущую интеллектуальную элиту для экономики Казахстана, основанной на знаниях. Именно такие вузы должны формировать человеческий капитал для реализации задач, поставленных в Послании, стать основой экономической и социальной модернизации страны.

Инновационные проекты будут направлены на разработку новых наукоемких технологий в таких отраслях, как нано- и биотехнологии, энергетика, защита окружающей среды, медицина, информационные технологии и безопасность и др. Кроме того, будут реализованы инновационные проекты в сфере услуг, разработаны новые научно-образовательные программы по подготовке кадров высшей квалификации.

Для разработки и осуществления проектов в университете созданы центры трансферта технологий и коммерциализации результатов НИОКР. В настоящее время проводится конкурсный отбор инновационных проектов, а в апреле будет начата реализация лучших из них.

Презентация первого из них будет связана с внедрением уникальной плазменно-топливной системы на ТЭЦ-2 г. Алматы, что позволит существенно улучшить экологическую обстановку в городе и повысить экономическую эффективность.

В числе инновационных разработок будут также запущены проекты по созданию огнезащитных покрытий нового поколения и получению микробного препарата МИКОТРИХ для очистки нефтезагрязненных почв. В результате реализации этих проектов будут получены инновационные защитные покрытия для металлических и деревянных конструкций и электрокабелей от разрушения при пожарах, а полученный био-препарат будет использован для очистки окружающей среды от нефтепродуктов при сохранении полной экологической безопасности.

В области информационных технологий планируется запустить такие проекты, как «Электронный кампус университета» и «Корпоративный дата-центр КазНУ».

Итоги реализации проектов будут подведены в декабре текущего года ко Дню Независимости Казахстана.

Соб. корр.



(Басы 1-бетте)

Қызыр атаны адамдарға дәулет-бақ қондыратын қария деп санайтын бабаларымыз оны жақсылықтың жаршысы деп есептейді. Күн сәулесі жер шарының Шығыс бөлігінен таңғы сағат алтыда себезгілеп атқанда, Қазақстан территориясында бұл сәт түнгі сағат үшке тұспа-тұс келеді екен. Этнографиялық деректер бойынша, дәл осы сәтте қаланы Қызыр Баба аралап, Самарқанның көк тасын еріткен деген ұғым бар.

Наурыз тойында қазақ халқы арасында Қызыр түні жаңа жыл табалдырық аттап, үйге енгенде төрде қос шырақ жағылып тұруы керек деген сенім бар. Бұл күннің алдында барлық жиһаз-мүліктің шаңы алынып, тазартылады. Ол «береке басынан басталады», «жыл басы жақсы басталса, аяғы жақсы болады», деген адам сенімінен туындаған ұғымның жалғасы.

Наурыз мейрамының игі дәстүрі бойынша, осы күні ақ көп, нан мол болсын, жаңбыр-жауын берекелі болсын деген ырым жүйелері бойынша, қазақтың дәстүрлі қоғамында ыдыстарға сүт, айран, қымыз, шұбат, уыз, бидай, тары, арпа, сұлы, жүгері, бұлақ суын толтырылып, дастархан мәзірі даярланады. Бұл түні қазақ ауыл бойжеткендері өздері ұнатқан жігіттерге арнап, соғымнан қалған соңғы етті уызға салып пісіріп, «ұйқышар» деп аталатын ерекше дәмді ас дайындайды. Ал жігіттер ғашық қыздарына сезімін білдіру мақсатында айна, тарақ, иіс-су, түрлі жақсы сыйлықтар тарту етіп, «селтеткізер» ұсынған. Осы қазақы тартулардың өзіндік семантикалық мәні бар. Айталық,



НАУРЫЗ — жаңару идеясы



айна — пәктік пен жастықтың, тарақ — әдемілік пен сұлулықтың, иіс-сулар бүршігін жаңа жарған жауқазындай құлпырудың, көктем гүліндей жайнай түсудің этикалық белгісі болып саналады.

Жалпы, Наурыз мейрамы амандасу-сәлемдесу рәсімдерінен, адамдардың бір-біріне тілек айтуынан басталады. Ерлер бір-бірімен қос қолдап амандасып, төс қағыстырып, әйелдер мен ерлер

құшақ жайып амандасып, «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!», «Ұлыс береке берсін, жамандық жерге енсін!» деген тілектер айтылады.

Қазақ халқы арасында

калыптасқан салт-дәстүр негізінде Ұлыс күні жеті түрлі тағам қосылған — соғымнан қалған сүр ет, сүт, езілген құрт, бидай (тары, күріш), су, тұз, ұн қосып қазан толы наурыз көже пісіріледі. Қазақ ұғымында, жеті саны тұрақтылық пен ақылдылықтың символы болып саналады. Әр үйдің дастарханына ақтан — сүт тағамдары, қызылдан — ет тағамдары, көк ырыстан — дән тағамдары мен жеміс-жидектен жеті түрлі дәм қойылады. Қазақтың этикалық дәстүрі бойынша, қойдың басын ауыл ақсакалына ұстатады. Жалпы, халық наурыз көжені тойып ішеді. Көже ішіліп болған соң, жиынның төрағасы қолын жайып:

«Бақытты ас берсін,
Ұлыстың ұлы күнінде.
Дәулетіңді асырсын,
Душпаның басылсын,
Менің берген бұл батам,
Ұлыс күнге сақтап жүрген
сүр батам!»

деп үй иесіне батасын береді.

Көне заманда түркі тілдес халықтар, әсіресе олардың көсемдері жаңару идеясы мен халықтың бірлігін, ынтымағын сақтау үшін үлкен тайқазанды көтеріп, халыққа ас беріп отырған. Осы ас беру барысында көсемдер халықты береке-бірлікке шақырып, игілікті іс-шаралар жасауларын тілеген.

Қорыта айтқанда, Наурыз мейрамы көктемгі жаңарумен қатар, ол бүкіл халықтың берекесіне үлес қосатын ұлық мереке.

Қарлығаш
ЕРҒАЗЫҚЫЗЫ,
т.ғ.к., ҚазҰУ-дың доценті

21 НАУРЫЗ – ҒАШЫҚТАР КҮНІ

“Селтеткізер” және “Ұйқышар” махаббаттың тұңғыш сыйы

(Басы 1-бетте)

Бұл өмірде ұлы сезім — махаббатсыз еш қызықтың жоқ екені баршамызға мәлім. Қазақтың көрнекті ақындарының бірі Мұхтар Шаханов «Бағаласаң, махаббатты бағала!» деп бекер айтпаған. Барша сезімдердің арасындағы ең тәттісі де сол — жаныңның жартысына айналған адамға деген шексіз ұлы, пәк сезімін. Барша әлемді ұстап тұруға қауқарлы махаббат дейтін болсақ, сол махаббатты ұлықтайтын ерекше күн қазақ тарихында да бар. Ендігі мақсат сол ескерусіз «шаң басқан күйінде» қалған мерекені қайта жаңғырту болып отыр.

Сонымен, 21 наурыз — Ғашықтар күні екені тарихтан белгілі. Осы күні сері жігіт ғашығына сезімін білдіріп, «селтеткізерін» тарту еткен. Егер бойжеткен оның сезімін қабыл алса, «ұйқышарын» дайындап ұсынған. Арман-тілектері табысқан сырлы сезім иелері осыдан кейін өмір бойы бірге болуға серттескен. Сол күні таң шапағын, 22 наурыз Ұлыстың ұлы күні танын бірге қарсы алған. Бұл дегеніміз — сол күнгі таңғы арайды бірге қарсы алған қос ғашықтың барлық ғұмырлары нұрлы болады деген сенімнен шыққан көрінеді.

Бүгінде “Қозы Көрпеш-Баян сұлу”, “Қыз Жібек пен Төлеген” және “Ендік-Кебек” деген атаулар тағылып, бейресми арақидік аталып қалатын күндер баршылық. Иә, бұл ғашықтар — әдебиетте де, тарихта да бар махаббат құрбандары. Алайда бұл ғашықтардың басын қосқан ұлы күш те сезім ғой. Олар да — қазақтың ұрпақтары. Сол табиғаты қазақы тәрбиеден бастау алған Ғашықтар күні бұл ғашықтарға да сеп болғаны жасырын емес. Ендеше, бөліп-жарып, мерекені өз бетімізше қолдан жасағанша, тарихта қай кезден орын алған 21 наурыз — Ғашықтар күнінің

мәртебесін неліктен арттырмасқа?!

Оған біз бен сіз болып насихаттасақ жетеміз. Батыстық ғашықтар күнімен таныстық, енді өз құндылығымызды дәріптейік. Ол замандастарымыз да біздің, қазақ ұлтының махаббат күні — Ғашықтар күні мәнге, сәнге, жақсылыққа толы күнге сай келетіндігінен хабардар болсын. «Валентин күнін» таңсық көріп, ұрандатып жүрген замандастарыма, қазақта да Ғашықтар күні тойланғандығын мақтанышпен де, зор сеніммен де айта аламын. Сондықтан өз төл мерекемізді ұлықтауымыз керек.

Көктемнің жайма шуақ күндерінің бірі — 21 наурызды Ғашықтар күні деп танып, дәстүрлі түрде тойлауды үрдіске айналдырғанымыз жөн. Осы күнді мейрам ретінде көпшілік біле бермейді. Әрине, жалпақ жұрт сезімді бір күнмен ғана насихаттап өлшеп қоюы дегенге келісе қоймас. Бірақ, менің айтпағым, бүгінгі күн талабы жастарға, қоғамға нақты Ғашықтар күні атауының қажет екендігін көрсетіп отыр.

«Валентин күнін» «ұлықтап» жүргендерге қарап, өз тарихымыздағы атаулы күннің мәртебесін жеткізу — басты мақсат. Ендеше, 21 наурыз — Ғашықтар күнінде сүйгенімізге өз сезімімізді білдіріп, тәтті сезімге бөленейік. Сұлтанмахмұт Торайғыров «Адамның жақсы қасиеттерінің бірі — бақытты болуға ұмтылу» деген екен. Әрине, бақытты болу — өз қолымызды Сүйе білу, өзгенің сүйіктісі болу — ол да бір бақыт. «Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағында» жанымызды көктем келі жылытса, жүрегімізді сүйген жанның сөзбен жылыта түссін.

Гүлнұр АЙТҚҰЛОВА,
журналистика факультетінің
2-курс студенті

«Селтеткізер»

Арайлап атар таң нұрым ба едің?!
Күнәсіз мөлдір ақ арманымда, жалғанда.
Жалқы тағдырым менің,
Жатыр-ау сенің жанарларыңда.
Қосылып ғашық мұңыма дертім,
Тулаймын, келіп сырыңды білгім.
Күлімдеп маған шұғыла көркің,
Сыйлайсың қашан гүліңді, құрбым?!
Көңілімізден тілектеріміз,
Ақ жаңбырдай боп төксіңші күнде.
Сезімге батқан жүректеріміз,
Шомылып нұрға соқсыншы бірге!
Қос көбелектей бірге қонайық,
Ғұмырды таңдап, келіскен керім.
Екеуіміз мәңгі бірге болайық,
Соғымнан ерші, періштем менің!

«Ұйқышар»

Жарық бердің, менің ерке жолыма,
Қандай тәтті адал сүйген ғашық ұн.
Тағдырымды бердің, жаным, қолыңа,
Саған ғана сенгендіктен, асылым.
Өзің дедім өмірімнің бар мәні,
Тоңдырмайды тіпті мені бар қырау.
Жалғандағы менің барлық арманым,
Сенің ғана бақытың боп жарқырау.
Қанша сүйсем, сенімім де соншама,
Құс жанымның сенен несін аярмын.
Бір сен үшін қандай қайғы болса да,
Жазым болып кетуге шын даярмын.
Құлай сүйген сезімнің әні бар,
Тәрік қылған күндері мен түндерің.
Сыңарым-ау, сағындың ба, қабыл ал
Саған деген «Ұйқышарым» бұл менің!

Еркебұлан КЕНЕХАН,
журналистика факультетінің 2-курс студенті

ҚАТЫҚ ОРНЫНА...

Салт-дәстүрімізді тек Наурыз мерекесінде ғана еске алатын психологияны қалай өзгертуге болады?



Кансейт ӘБДЕЗҰЛЫ,
филология факультетінің деканы

Жылдың басы Наурыз мерекесін қазақ жұрты асыға күткен. Себебі елдің тұрмыс-тіршілігіндегі, күн көрісіндегі, мал шаруасындағы ең бір қиын күндері артта қалып, жаңадан келетін көктем, жаз айлары халықтың арқа-басын кеңітіп, көңіл-күйіне ерекше жағымды әсер ететін, күш-қуат беретін табиғат құбылыстарына жол ашады. Күннің жылуы, күллі өсімдік атаулының бүршік жаруы, жер-дүниенің мейірімі оянып, адам атаулыға тіршілік кешудің қызықты күндері мен айларын сыйлайтын бұл кезең адам өмірінің ең бір қасиетті де киелі кезеңі болып саналады. Сондықтан да наурыз мерекесін ісі мұсылман халқы айырықша тойлайды. Рухани серпілудің де басы осы ай. Біздің еліміз Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап бұл мерекені мемлекеттік деңгейде атап өтуде. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының көрегендігі мен кемеңгерлігінің бір көрінісі осы киелі мерекені өз халқымен қайта қауыштыруы болды. Жаңа жылдың басында үш күндік демалыс күндерінің берілуі – өзіміздің ұлттық салт-дәстүрлерімізді, ырым-жоралғыларымызды, мемлекеттік рәміздерімізді қайтара бір жарқыратып көрсетіп, күллі әлемге таныстырудың жаңа, жақсы мүмкіндік екендігі анық. Әрбір қазақ перзенті ұлы ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы мерекелеп келе жатқан осы күндерге ерекше мән беріп, елдік құндылықтарымызды алдыңғы қатарға шығаратын мерекелік шараларды қолға алса нұр үстіне нұр болар еді.

СУ ОРНЫНА...

Наурыз мерекесінің мәртебесін арттыру үшін не істеу керек?



Ердос ОҢҒАРБАЕВ,
химия факультетінің деканы

Жалпы, қазақ ұлтының ең басты төл мерекесі – осы Наурыз деп есептеймін. Күнтізбе бойынша тойланатын Жаңа Жылдан гәрі жылбасы ретінде Наурызды қарсы алуымыз қажет. Себебі, тегіннен-тегін Наурыз – «Ұлыстың ұлы күні» аталмас еді. Тіпті жастарымыз «Ғашықтар күні» ретінде атап өтетін «Валентин күнінің» орнына да осы Наурызды қарсы алар сәтте 21 наурызда қыздарымыз «ұйқыашар», жігіттеріміз «селтеткизер» рәсімдерін жасап жатса, нұр үстіне нұр, тәрбиелік мәні де жоғары болар еді. Наурыз мерекесі адам мен табиғаттың үндестігі, тіршіліктің жаңадан қайтадан басталуын көрсетеді. Сондықтан бұл күнді барша қауым тазалыққа ден қойып, бір-біріне деген реніштері мен өкпелерін ұмытып, жаңа өмірдің басталуы ретінде қабылдаса, мейрамның мәртебесі арта түсері анық.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,
Уәли ҚЫДЫРОВ
Беттеуші – Талғат АХМЕТҚАЗЫ
Фототілші – Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

(Басы 1-бетте)

Наурыз мейрамы – жаңа тіршіліктің бастауы ғана емес, ынтымақ пен достықтың, береке мен бірліктің, халқаралық татулық пен қарым-қатынастың мерекесі. Ал бұл халықаралық мейрамның ең бір есте қалатын рәмізді тұсы – наурыз көжеде екені белгілі. Осы орайда, өз оқырмандарына «Қазақ университеті» газеті жыл сайын дәстүрлі түрде өз «наурыз көжесін» ұсынып келеді. Биылғы «Қазақ университеті» газеті «наурыз көжесінің» басты ерекшелігі оны «дайындаған» қара шаңырақтың декандары. Қаты қалмаңыз, «дәм татыңыз»...

«Қазақ университеті» газетінің «декандар наурыз көжесі»

ДӘНДІ-ДАҚЫЛ ОРНЫНА...

Расскажите об истории праздника Наурыз...



Жакен ТАЙМАГАМБЕТОВ,
декан исторического факультета

Слово «Наурыз» состоит из двух частей и с персидского означает «нов» - новый, «раз» - день. Буквально «новый день».

Наурыз – один из древнейших

праздников на земле. По некоторым сведениям, ему более 5 тысяч лет. С древних времен все народы мира придавали огромное значение смене старого года новым.

Самый древний, традиционный, общепринятый наурыз приходился на весну. Весенний наурыз, в первую очередь был данью воскрешающей растительности. Такие представления о встрече нового года были в эпоху античности в Средиземноморье и Передней Азии. Новый год приходился на весну и связывался с пробуждением природы. Он воспринимался как воскресение погившего зимой божества растительности.

ТҰЗ ОРНЫНА...

21-наурыз – Ғашықтар күнін республикалық деңгейге көтеру үшін оны бүкіл БАҚ бетінде ертелі-кеш насихаттап, арнайы қызықты бағдарламалар даярлау керек. «Валентин күні» бұқаралық санаға солай енді емес пе?!

Сол күні ұлттық стильде сыйлықзаттар даярлайтын «Еркемай» болсын, «Етріге» және т.б. фирмалар акция ұйымдастырып, қазақы жобадағы махаббат сезімін жеткізе білетін дәстүрлі символикалы (қос

ДӘМДЕУІШ ОРНЫНА...

аққу, ұлттық нақыштағы қыз бен жігіт бейнесіндегі және т.б.) мүсіншелер, майда-шүйде қажетті сыйлық бұйымдар сатылымын қамтамасыз етсе де жөн болар еді.

Негізі 21-наурыз – Ғашықтар күнін республикалық деңгейге көтеру үшін шоу-бизнесі өкілдері де көп ықпал ете алады деп білемін. Егер олар арнайы жарнамалар арқылы кешкі клубтарда тақырыптық party өтетіндігін ертелі-кеш хабарлап жатса – оның да өз ықпалын тигізері сөзсіз.

Раньше казахи отмечали Наурыз, начиная с первого дня марта, а на западе страны празднование Наурыза до сих пор начинается с 13-14 марта, что по старому календарю соответствует первому дню месяца. Кстати, до периода правления Петра I в России новый год отмечался именно с первого марта. На западе, даже до ввода Григорианского календаря в Риме, происходило также.

Мекен-жайы: 050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды. Тел.: 8 (727) 293-09-09

ЕТ ОРНЫНА...

Наурыз мейрамының Күнтіз-белік жаңа жылдан маңызын қалай арттыруға болады?



Есберген АЛАУХАНОВ,
журналистика факультетінің деканы

Алда келе жатқан Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамын атап өтудің маңызын арттыру – бүгінгі қоғамға үлкен салмақ, сын. Жыл сайынғы күнтізбедегі христиандық жаңа жыл қанымызға сіңіп кетті десем, артық айтқандық болмас. Бұл жаңа жылды міндетті түрде атап өту әдетке айналды. Әрине, оны ешкім де діни көзқараспен қарсы алып немесе насихаттап жатқан жоқ. Дегенмен өзімізде көзге ұрардай мүмкіндік барда басқаның етегіне жармасқанымыз қалай?!

Мәселен, Наурыз күні – аспан денелері өздерінің ең бастапқы нүктелеріне келіп, күн мен түн теңесетін, жан-жануарлар төлдеп, адамдардың аузы аққа тиетін, Самарқанның көк тасы еріп, жер үстіне шаттық орнайтын күн. Жаңа жылдың келгенін айғақтауға бұдан артық дәлелдің қажеті болмас.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері ұлттық құндылықтарымызды насихаттап, салт-дәстүрлерімізді жаңғырту мақсатындағы түрлі шаралар мен бағдарламалар жүргізіліп келеді. Меніңше, Наурызды – Жаңа жыл деп заң жүзінде қабылдап, барша қазақстандықтарға ортақ мейрам ретінде бекіту керек. Бұл тек қана ұлттық мейрамды насихаттау емес, сонымен қатар ұлттар арасындағы достықтың іргесін одан әрі берік қалауға негіз болар еді.

ҮН ОРНЫНА...

Мәнін арттыру үшін Наурыз мейрамын қалай атап өтуді ұсынасыз?



Баян ЕРМЕКБАЕВА,
экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы

Наурыз мерекесін тойлау қажет. Бұл мерекенің діни мереке еместігін әлі де болса түсінбейтін қоғам мүшелері бар. Сондықтан менің ойымша, Наурыз мерекесі – күн мен түннің теңеліп, жаңару үдерісінің басталуы бұлдіретін мереке деп білемін. Әр жылдағы жаңару үдерісінің басталуы мерекесі болғандықтан, осы күні бір жылда жасаған істеріміздің қорытындысын шығарып, қол жеткізген табыстарымызды ұжымға жариялап, алдағы жылға деген мақсаттарымызға тоқталып, оларды іске асыру шараларын айқындауымыз қажет.

Қуаныштың ең үлкені – басымыздың амандығы, береке мен бірлігіміз. Бұл күні профессор-оқытушылар, қызметкерлер мен студенттер бәріміз Қазақстанның тең құқылы азаматы екендігімізді мақтанш етіп, бірге тойлағанымыз абзал. Бірге ән салып, би билеп, өкпе-назымыз болса ұмытып, бір-бірімізді кешіріп, жаңаруымыз қажет.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000 дана. Индексі 65989.

Тапсырыс №10168

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.